

Еліміздегі жоғары оқу орындары жастағарға сапалы білім берумен қатар бәсекеге қабілетті маман етіп даярлауга күш салуда. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті нарықта сұранысқа ие мамандар даярлауда жетекші орынга ие.

Университеттің «Жаратылыстануғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің «Математика» кафедрасы 6В01510-Математика, 6В05410-Математика, 7М01510-Математика, 7М05410-Математика, 8Д01510-Математика, 8Д05410-Математика білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайды.

Болашақ мамандық іелеріне 18 оқытушы-профессор құрамы, олардың ішінде 3 ғылым докторы, профессор, 7 ғылым кандидаты, доценттер, 1 PhD докторы мен 8 магистр оқытушы дәріс береді. 2009 жылдан бері үш тілде оқыту жүргізілп келеді. Қазіргі таңда ол өз жемісін беруде. Бітіруші түлектеріміз Назарбаев Зияткерлік мектептерінде, мамандандырылған үш тілде білім беретін мектеп-интернатта, дарынды оқушыларды дайындайтын орталықтарда, еңіріміздегі мектептер мен колледждерде еңбек етуде.

Айта кетсек, Т.Стамқұлов Тулкібас ауданы Ш.Мұртаза атындағы шағын жинақты мектеп-гимназия директоры, Қ.Төреканов Шымкентте Ұлықбек атын-

МАТЕМАТИКА МАМАНЫ: СҰРАНЫС БАР МА?

дағы №3 мектептің мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Ердаulet Сұлтанбай №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатта устаз болып еңбек етуде.

Бітіруші түлектеріміздің 2019-2020 оқу жылында 55 пайзы, ал 2020-2021 оқу жылында 32 пайзы магистратураға түсті. Университетте студенттердің оқумен қатар ғылымды бірге алып журуіне, қоғамдық өмірге аралаусына жағдай жасалынған. Олар студенттік ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Откен 2019-2020 оқу жылында студенттеріміз Павлодарда откен математикалық олимпиадаға қатысып, жүлделі 2-орынды иеленді. Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде откен «Жас ғалым-2019» VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясынан Б.Мажитов II дәрежелі дипломмен оралды.

Бүтінгі таңда, пандемияға байланысты оқу ордасында 1 курс студенттері оффлайн, ал қалған курстардың барлығы сабактарын онлайн режимде өтуде. Осында жағдайларға қарамастан оқу мен тәрбие жұмыстары өз дәрежесінде өткізілуде. Қазіргі таң-

да «8Д01510-Математика» білім беру бағдарламасы бойынша 8 докторант, «8Д05410-Математика» білім беру бағдарламасы бойынша 6 докторант білім алуда. Оның ішінде 8 докторант кафедра түлектері.

2018 жылдан бастап «8Д01510-Математика» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес ашылған. Аталған кеңесте PhD доктор дәрежесін алу үшін 7 докторлық диссертация қорғалса, оның 3-үй кафедра докторанты.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның үлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Үрпағы білімді халықтың болашағы булыңғыр болмайды» дегендей, жас үрпакқа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

**Н.АШИРБАЕВ,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
«Математика» кафедрасының
мендерушісі, м.ғ.д., профессор**

**А.МАДЕНОВА,
ара оқытушы**